



ЖАС Урнақ

№ 03 (61), 2015 ж. қазан

ДЕНЬ ЗНАНИЙ

1 сентября 2015 года в Евразийском гуманитарном институте состоялось торжественное собрание, посвященное Дню знаний.

Ректор института академик А.К. Кусаинов, выступая перед профессорско-преподавательским составом и студенчеством, отметил значимость образования как важнейшего человеческого капитала, которо-

му отводится главная роль в решении фундаментальных проблем современного социума. В своем выступлении Амангельды Кусаинович отметил, что 2015 год является знаменательным для Казахстана юбилей-

ными датами – 20-летие Конституции РК, 20-летие Ассамблеи народа Казахстана, 550-летие Казахского ханства.

На собрании прошло вручение именных стипендий Президента РК, а также



дипломов победителей конкурса по итогам 2014–2015 учебного года «Лучший куратор», «Лучший студент», «Лучшая учебная группа», «Лучший молодой преподаватель». Также были отмечены благодарственными письмами председатели КДМ кафедр «Государственно-правовых дисциплин» и «Казахской и русской филологии». После собрания в учебных группах прошли тематические кураторские часы, посвященные 20-летию Конституции Республики Казахстан и 20-летию Ассамблеи народа Казахстана.



Ата заң – мемлекеттік дамуымыздың негізі

Бүкіл ел болып Ата заңымыздың 20 жылдығын тойлаудамыз. Жиырма жыл осы Конституция аясында өмір сүріп келеміз. Бұл Конституция тәуелсіздігімізді тұрақтандырған, бірлігімізді бекіткен, елімізді өркендетіп, әлемге танытқан Конституция болды.

Ата заңымызды 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылдадық. Байыппен, жан-жақты зерделеніп, басқа конституциялардың үздік тәжірибелерін ескере оты-

рып дайындалған құжат кең талқылаудан, талдаудан өтті. Үш миллионнан астам азамат қатысқан 33 мыңнан артық ұжымдық талқылау өткізіліпті. Оларда 30 мыңдай

ұсыныстар мен ескертулер енгізілген екен. Соның нәтижесінде референдумға қатысқандардың 89,1%-ы жаңа Конституцияны қолдап дауыс берді. Тоғыз бөлім мен 98 баптан тұратын Ата заңымыздың мазмұны нақтылығымен, жанашылдығымен ерекшеленді.

Бұл құжатта алғаш рет Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет, яғни Президенттік Республика деп жарияланды. Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекеттің басшысы халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғамастығының адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының бейнесі, әрі кепілі екені атап көрсетілді. Елбасымыздың саликалы басшылығының арқасында әлемді таң қалдырған жетістіктерге қол жеткіздік. Экономикасы құлдыраған, болашағы бұлыңғыр, Кеңес одағының бір сынығындай еліміз бүгінде әлем таныған, байлығы шалқыған елге айналды. Дана халқымыз «Елу жылда ел жаңа» дейді, ал біз бар болғаны жиырма жылда жаңардық, жақсардық.

Елімізді демократиялық, құқықтық, әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыруға керекті заңдарды қабылдау үшін алғашқы рет сенат пен мәжілістен тұратын қос па-

лалаты кәсіби Парламент құрылды. Бұл қабылданатын заңдардың сапасына тиімді әсер етуде. Олар жылдан жылға жетіліп, жақсарып, өмір талабына сәйкестендірілуде.

Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасында мемлекеттік билік біртұтас және іс-қимылда өзара тежемелік, әрі тепе-теңдік жүйесін пайдаланатын заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінеді. Мұның мемлекеттік билікті біржақтылықтан, бір тармақтың үстемдігінен қорғайтын бірден-бір жол екенін өмірдің өзі көрсетуде.

Ата заңымызда «Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады» деген бап бар. Бұл қағида еліміздің өркендеп дамуында, нарықтық жолға түсуінде айтарлықтай рөл атқаруда.

Еліміздің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп көрсеткен Конституциямыз еліміздің өркендеп дамуына негіз болуда және бола береді деп сенемін. Тәуелсіздігіміз баянды, аспанымыз ашық, еліміз аман болсын. Ата заңымыздың аясында өркендеп, өсе берейік.

Қ.М. Мұқажанов,
ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, профессор



СТУДЕНТТІК ӨМІР ТЫНЫСЫ

ҚЫРКҮЙЕК

1 қыркүйекте Еуразия гуманитарлық институтында Білім күніне арналған мерекелік митинг өткізілді. Митингке институт оқытушылары мен студенттері қатысты. Ректор А.Құсайынов 1-курс студенттеріне сәттілік, жоғары курс студенттеріне кәсіби дағдыларды игеруде өжеттілік пен табандылық, ал ұжымға жоғары білім беруді жүзеге асыруда сәттілік тіледі. Дәстүр бойынша ең үздік студенттерге ҚР Президентінің стипендиясы тағайындалды, сондай-ақ 2014-2015 оқу жылының конкурсы қорытындысы бойынша «Ең үздік куратор», «Ең үздік студент», «Ең үздік жас оқытушы» жеңімпаздары марапатталды.

5 қыркүйекте Еуразия гуманитарлық институтының студенттері мен оқытушылары «Скажи: «да» - здоровому образу жизни!» ұранымен өткен «Денсаулық фестивалі - 2015» акциясына қатысты.

8 қыркүйекте Астана қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен Конгресс-Холл сарайында Қазақстан халқы тілдерінің XVII қалалық фестивалінің ашылу салтанаты өтті. Кеш барысында тіл тақырыбында өлеңдер оқылып, өндер орындалды. Аталмыш іс-шарада Қазақстан Республикасы халықтары Ассамблеясының 20 жылдығы аталып өтті. Сонымен қатар, зиялы қауым өкілдері сөз сөйлеп, залда отырған халықты мерекемен құттықтады. Осы іс-шараға Еуразия гуманитарлық институтының, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-курс студенттері мен кураторлар, аға оқытушылар Е. Жұпархан мен Г.С. Райнбекова қатысты.

9-10 қыркүйекте Еуразия гуманитарлық институтында ЖОО әкімшілігінің 1-курс студенттерімен дәстүрлі кездесулері өтті. Бірінші курс студенттерімен әңгімелесуге ректорат, деканат өкілдері, кафедра меңгерушілері, сонымен қатар академиялық топтардың кураторлары қатысты. Өткізілген әңгімелесу-кездесулерде студенттер жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үдерісінің ерекшеліктерін, Оқутудың кредиттік жүйесі туралы ережемен, жоғары оқу орны студентінің Ар-намыс кодексімен, ЕАГИ-дің тарихы және дәстүрлерімен танысты.

Үстіміздегі жылдың 14-қыркүйегінде қазақ және орыс филологиясы кафедрасының ұйымдастыруымен XVII қалалық тілдер фестивалінің аясында «Тіл апталығының» ашылу салтанаты өтті.

11 қыркүйекте институт оқытушылары мен студенттер Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған мерекелік концертке қатысты.

15-16 қыркүйекте Еуразия гуманитарлық институтының конференц залында Жастар ісі жөніндегі комитеттің ұйымдастыруымен дәстүрлі бірінші курс студенттеріне арналған кастинг өткізілді. Студент жастарды студенттік өмірге баулу мақсатында өткізілген кастингке ақын, музыкалық аспапта ойнау, көркем сөз шеберлері, КВН, жүргізуші, әнші, биші, актерлік өнер көрсеткен 210-ға жуық талантты қыз-жігіттер қатысты.

16 қыркүйекте Қазақстан халқы тілдерінің XVII қалалық фестивалі аясында ұйымдастырылған «Тіл – ұлттың жаны» өзге ұлт өкілдері арасындағы қазақ тілінен танымдық сайысы өткізілді. Сайысқа «Шетел тілі: екі шетел тілі», «Бауышта оқитудың педагогикасы мен әдістемесі», «Аударма ісі», «Педагогика және психология», «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтарының студенттері қатысушы ретінде де, көрермен ретінде де белсене қатысты.

Сайыс қорытындысы бойынша, ПМНО-15-01 тобының негізінде құралған «Эврика» тобы топ жарып, жеңіске жетті. Екінші орынды ПД-14-01 негізінде құралған «Отаншыл» тобы иеленсе, үшінші орынды ИЯ-14-01 негізінде құралған «Достар» тобы алды. Қазақ және орыс филологиясы кафедрасының оқытушылары Р.Н. Кеменгеров, Г.Е. Абылова, А.Е. Алимбаев сайыстың әділ төрелігін берді.

18 қыркүйекте Дін мәселелерін зерттеу орталығымен бірлесіп Еуразия гуманитарлық институты «Білгеніңіз маңызды» атты акциясын өткізді. Бұл шара діни сауаттылығын арттыруға, болашақта теріс ағымдардың жетегінде кетпеудің жолдарын көрсетуге және түрлі ағымдардың қысымына ұшырау қаупінен сақтауға бағытталған. Шенбер бойына жиналған жастар бір мезетте қолдарындағы брошюраларды жоғары көтеріп, «Бірлігіміз жарасқан, тәуелсіз ел – Қазақстан» ұранын дауыстап айтты. Аталған акция «Халықаралық терроризммен күресу күніне» орай ұйымдастырылып отырған кезекті шара ретінде қолға алынған.

19 қыркүйекте Еуразия гуманитарлық институтының ұжымы және студенттер бүкіл қалалық сенбілікке қатысты. Қаламызды қоқыстан арылту ісіне 400-ден астам адам шықты. Қаламыздың тазалығы үшін жиналған азаматтар бұл шарада аса үлкен белсенділік танытты. «Бірлесіп көтерген жүк жеңіл демекші», осындай ұйымшылдықтың арқасында қаламызды қоқыстан тазарды. Сенбілікке үлес қосушылар белсенде ат салысып, институт алаңы, көшелер, балалар ойнайтын алаң, тұрғын үйлер маңын, жолдарды қоқыстан тазартуға бәрі жұмыла кірісті.

22 қыркүйекте Астана қаласындағы «Тілеп» қобыз сарайында Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Тарих пен тіл тамырлас» атты республикалық жас ақындар мүшәйрасы өтті. Мүшәйраға 50-ден астам республиканың түпкір-түпкірінен жас ақындар қатысып, содан 10 жас қаламгерлер ақтық мәреде бақ сынады. Институтымыздан қатысқан Ж. Оразов пен А. Қосылбекова алғыс хатпен марапатталды. Аталған шара барысында Астана қаласы әкімі Ә.Р. Жақсыбековтің атынан елордамыздың рухани-мәдени дамуына зор үлес қосқан бірқатар белгілі тұлғалар, солардың қатарында Еуразия гуманитарлық институтының ректоры, тарих ғылымдарының докторы, академик А.Қ. Құсайынов та «Қазақ хандығының 550 жылдығы» медалімен марапатталды.

Арнаулы айдарды дайындаған Нұрғұл Тырнаханқызы

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА – 550 ЖЫЛ



Биыл 2015 жылы Керей мен Жәнібектің Шу мен Талас өзендерінің арасындағы аймаққа орналасып, қазақтың туын көкке көтеріп, Қазақ хандығын құрғанына 550 жыл толып отыр. Бұл атаулы мерейтой Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алғалы бері алғаш рет тойлануда. Сондықтан Қазақ хандығының 550 жылдығын абыроймен өткізіп шығу аса маңызды іс-шара болып есептеледі. Оған қоса, кейбіреулер қазақ халқының мемлекеттілігін сансаққа жүгіртіп, оның тарихына күмәнмен қарап отырған кезде бұл бастаманың саяси маңызы да



зор. Дегенмен, бұл мерейтой қазақ халқының мемлекеттілігін таныту мақсатында ғана емес, жастардың, жалпы барлық азаматтардың патриоттық сезімін барынша

күшейту үшін бағыттталып отыратынын атап өту керек.

Ең бірінші бастама болып Қазақстандық тарихшы ғалымдардың Мұхамед Хай-

дар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» еңбегін негізге ала отырып, жан-жақты зерттеу нәтижесінде Қазақ Хандығының құрылған жылы 1465 жыл деген қоры-

тындысы алынды. Осыған орай елімізде үлкен дайындық жұмыстарын жүргізіп, көптеген іс-шаралар өткізуде. Ақпараттық бағытта ғылыми-көпшілік бағдарламалар, ғылыми-танымдық деректі фильмдер, жетекші орталық телеарналар арқылы көптеген бағдарламалар көрсетілуде. Ал ғылыми бағытта қазақ хандығының құрылу проблемаларын зерделеу мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде, ғылыми конференциялар ұйымдастырылуда.

Осы жайлы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Осы жылдар ішінде мемлекет тарихи институты құрылды, көптеген ғалымдарымыз тарихи материалдар іздеп табу және оларды жан-жақты зерделеу үшін шетелдерге шықты. Ел болу үшін, сондай-ақ жастарды патриоттық тұрғыда тәрбиелеу үшін бізге Қазақстанның шынайы тарихы

керек», – деп атап өтті. Президент мерейтойды қалыптасқан күрделі экономикалық жағдайда артық шығынсыз, халық жадында қалатындай сапалы өткізу керектігін айтты.

Еуразия гуманитарлық институты да бұл үлкен мерейтойға өз үлесін қосуда. «Тарих» мамандығы студенттерінің арасында Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған студенттік ғылыми-практикалық конференция, дөңгелек үстел ұйымдастырылды. ҚР Тұңғыш Президентінің музейі ұйымдастырған Қазақ хандығы: «Ұлы дала перзенттері» атты көрмеге барды және 2015 жылғы 11 қыркүйекте Астана қаласында өткен үлкен мерекелік шараға институт студенттері «Астана-попури» және «Болашақ жастары» флеш-моб билерінің қойылымдарына қатыстырылды.

А.З. Еслямова,
тарих ғылымдарының магистрі

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ

Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуына байланысты елімізде көптеген іс-шаралар өтіп жатыр.

Аталмыш мерейтойға тікелей қатысты заңғар жазушы І. Есенберлиннің «Көшпенділер» романы жайлы бірер сөз қозғамақпыз. Бұл көркем туынды қазақ тарихын зерттеуші ғалымдарға қараңғы түнде жарық саудалей жол сілтейтін бірден-бір құрал десек қателеспейміз. Ал қазақ көркем әдебиетінің дамуына орасан зор үлес қосқан бірден бір тарихи туынды.

Тарихи романдар деп өткен тарихтың маңызды оқиғаларын қайта жаңғыртып, оларды көркем түрде баяндайтын романдарды айтады. Жазушылар тарихи романда тарихты жаңғыртумен шектеліп қоймай, адамгершілік, психологиялық, мәдени мәселелерді біртұтас көтеруге көңіл бөледі.

Жазушы І. Есенберлин өзінің тарихи трилогиясында қазақ елінің ХҮ-ХІХ ғ.ғ. тәуелсіздік үшін табанды күрестерін көркем суреттейді. Осы жолдағы қыруар қиындықты, ішкі қайшылықтарды, адам қатынастарын, олардың әрекеті мен мінез құлықтарын, сырт жаулармен шайқаста шыныққан бірлікті, дәстүрді, салт-сананы көрсетеді. Тарихи жазба деректерге, шежіре мағлұматтарына, аңыз әңгімелерге сүйене отырып, қаламгер қазақ халқының тарихының аса маңызды тұстарын ашып, көптеген тарихи қайраткерлердің көркем тұлғасын жасайды.

Ол – қазақ әдебиетінде алғашқы болып тарихи зерде тамырына қан жүгіртіп, тұншыққан са-

наны қапастан шығаруға жол салған, ұлт рухын тірілкен жазушы ретінде қазақ әдебиетінің тарихында оқшау орны бар тұлға. Ілияс Есенберлиннің алты кітаптан тұратын тарихи эпопеясы сөз өнерінің әлемдік нұсқасына қосылған тарихты көркемдік пайымдаудың үздік үлгілерінің бірі. Тарихи тақырып арқылы бүгінгі күнге, қазіргі дәуірге қатысты идеялар айтылатынын естен шығаруға болмайды.

Архивтік деректер, халықтық аңыздар, этнографиялық сипаттар негіз болған тарихи эпопеяда автор оларды сол өткен дәуір елесін дәл бейнелеу үшін ғана емес, оған қоса түрлі қағида мен идеялардың, түрлі психология мен мақсат мүдделерінің қандай заман, қандай қоғамдық жүйеде болсын сабақтастық алып жатқан көрінісін беру үшін де пайдалану мақсатын ұстанған.

Жазушы жайлы белгілі академик С.А. Қасқабасов «Ілекеңнің мықтылығы сонда – ол көркем шығарма арқылы тарихи шындықтың бетін алғашқы болып айтып берді. Оның шығармасы сондықтан да оқыла береді және зерттеле береді. Қазақ хандығының 550 жылдығы қарсаңында Ілекеңнің шығармалары қайта жаңғырады деген сенімдемін», – деп пікір білдірген.

Қазақ елінің әдебиеті әлемдік әдебиетпен терезесі теңескен ХХ ғасыр деп айтылып келеді. «ХХ ғасыр Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» деп айдар тағып, жана концепция ұсынған белгілі әдебиеттанушы ғалым академик Р.Нұрғали болатын.

Осы «Алтын ғасыр» әкелген туындылардың тәуелсіз сананы оятуға орасан зор үлес қосып, ел мүддесі үшін қызмет етіп келеді. «Көшпенділер» сынды тарихи туындыларды келешек ұрпақ оқып,



жаңаша көзқараста зерттейтін мәңгі өзекті тақырып.

Институтымызда «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Тарих» мамандықтары бар. Осы екі мамандықтың арасындағы байланысты арттыру үшін осындай шығармаларды оқыту, осы тақырып төңірегінде семинар, дөңгелек үстелдер өткізу 2015-2016 оқы жылының оқу-тәрбие жоспарына сәйкес жүргізіледі деген ойдамыз. Бұндай танымдық іс-шараларды ұйымдастыру арқылы

студенттерді отансүйгіштікке, ата-баба рухын құрметтеуге, ұлтжандылыққа баулимыз және де жан-жақты терең білім игеруге септігін тигізетіні анық.

А.Е. Алимбаев,
қазақ және орыс филологиясы
кафедрасының аға оқытушысы,
ғылым магистрі

20-ЛЕТНИЕ КОНСТИТУЦИИ КАЗАХСТАНА: ВЗГЛЯД СТУДЕНТА



В жизни общества и государства Конституция играет особую роль. В этом году наша Республика Казахстан отмечает знаменательное политическое событие - 20-летие Конституции. Основной закон независимого государства был принят 30 августа в 1995 году на всенародном референдуме. Этот день можно назвать днём рождения самого главного закона нашей страны.

Слово «конституция» в переводе с латыни означает «устройство, установление». Очень точное определение. Конституция именно «устанавливает», «устанавливает» – каким быть государству, какие права, свободы и обязанности есть у каждого из его граждан, она определяет основы общественного и государственного устройства. Конституцию можно сравнить с прочным фундаментом, на котором строится и стоит наш с вами общий дом – Казахстан.

В Конституции закреплены как общечеловеческие, так и национальные ценности, отражена единая воля народа Казахстана, его интеллектуальный потенциал и основные стандарты международного сообщества. Конституция закрепила единство на-

рода страны, объединила представителей более 130 национальностей, 45 конфессий, связанных общей исторической судьбой. В ней акцентируется первоочередное определение правового статуса гражданина и основ общественного устройства, а потом уже государства и его институтов. Тем самым утверждается приоритет общечеловеческих ценностей и общепризнанных норм международного права.

Если обратиться немного к истории, то было пять Конституций. Это Конституция Казахской АССР 1926 года, Конституция Казахской ССР 1937 года, Конституция Казахской ССР 1978 года, Конституция Республики Казахстан 1993 года, Конституция Республики Казахстан 1995 года. Но в них были некоторые пробле-

лы, они не полностью охватывали сферы жизнедеятельности. Так, например, Конституция 1993 г. не решила вопросов государственного языка, частной собственности на землю и гражданства. Эти обстоятельства и стали причиной принятия новой Конституции РК 30 августа 1995 г. на всенародном референдуме.

Конституция провозглашает и другие права, в том числе свободы, которыми мы пользуемся. Каждый имеет право на труд и отдых... Это перечисление можно продолжать. Но главное: надо внимательно читать, изучать Конституцию – этот важнейший для каждого из граждан документ, обращаться к нему. Ведь каждое слово, каждая статья Основного закона имеют глубокий смысл и значение. Права, зафиксированные в Конституции, одинаково важны, они открывают человеку свободу выбора.

Празднование Дня Конституции означает преданность народа своему государству и признание его суверенным, светским и правовым.

Э. Нагаева,
студентка группы ЮР-4-15

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ – ЕЛ МЕРЕЙІ



Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Мерейін асыратын да құтын қашыратын да өзіміз. Қазақ тілі – тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі. Қазақ халқының қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлы өз заманында: «Тіл байлығы-елдің елдігін, жұртшылығын, ғылыми әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғамдық құрылысын, салт-санасының, жауынгерлік дәстүрін, мұрасының қай дәрежеде екенін көрсететін сөзсіз дәлелі, мөлшері», - деп тайға таңба басқандай анық та айқын көрсетіп берген болатын.

Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде. Сондықтан да жүрегі туған тіліміз деп соғатын жастарымыз көп болса, біздің болашағымыз жарқын болары сөзсіз. Жыл сайынғы дәстүрмен үстеміздегі жылдың 14 қыркүйегінде XVII қалалық тілдер фестивалінің аясында Еуразия гуманитарлық институты қазақ және орыс филологиясы кафедрасының ұйымдастыруымен «Тіл апталығының» салтанатты түрде ашылуы өтті. Аталмыш іс-шараға институтымыздың оқу және ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры т.ғ.д., профессор Қ.Ә. Ахметов, тәрбие жұмысы жөніндегі проректор п.ғ.к., доцент Я.Н. Оспанова, институт деканы ф.ғ.к., доцент Қ.А. Мамаділ, қазақ және орыс филологиясы кафедрасының меңгерушісі ф.ғ.к., доцент Н.М. Қоқышева және профессорлық оқытушылар құрамы мен студенттер белсенді ат салысты. Қ.Ә. Ахметов өз кезегінде жиналған қауымды апталықтың ашылуымен құттықтады. Кафедраның тәрбие жұмысына жауапты аға оқытушы Е.Ж. Жұпархан апталықтың ашылуына студенттер мен жауапты оқытушыларды қатыстырып, жоғары деңгейде ұйымдастыра білді.

16 қыркүйекте апталықты «Тіл – ұлттың жаны» атты өзге ұлт өкілдері арасындағы қазақ тілінен танымдық сайыс сабақтады. Сайысқа институтымыздың «Шетел тілі: екі шетел

тілі», «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі», «Аударма ісі», «Педагогика және психология», «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтарының студенттері қатысушы ретінде де, көрермен ретінде де белсене қатысты. Қазақ және орыс филологиясы кафедрасының аға оқытушылары А.Т. Сандыбаева мен А.Қ. Нұрбанова осы шараны ұйымдастырды. Мемлекеттік тілді насихаттау және өзге ұлт өкілдерінің тілге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында өткізілген аталмыш шараға



«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4-курс студенті Ержан Таңжарық қатысып, екі тілді арнауымен және әсем өнімен әрлендірді, сөйтіп көрермендердің көңілін бір сергітіп, қызығушылықтарын арттыра түсті. Қазақ және орыс филологиясы кафедрасының оқытушылары Р.Н. Кемелгер, Г.Е. Абылова, А.Е. Әлімбаев сайыстың әділ төрелігін берді.

18-қыркүйекте «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-4 курс студенттері арасында Қазақ хандығының 550 жылдығына орай «Тіл тарихы-ел тарихы» атты сайыс өтті. Сайыстың мақсаты студенттер арасында ой жарыс, пікір алмасу мен сұраққа дұрыс жауап беруін машықтандыру. 1-орынды «Жалын» тобы, 2-орынды «Сегізаяқ», 3-орынды «Болашақ» тобы қанжығасына байлады. Іс-шараны қазақ және орыс филологиясы кафедрасының доценті, ф.ғ.к. Г.Ш. Бекенова мен 3-курс студенті Н.Бәшіров ұйымдастырды.

Қыркүйектің 21-жұлдызында «Язык, язык! Он душа народов: в нем читают их судьбы» атты әдеби-музыкалық композиция өткізілді. Іс-шараны кафедралық доценті, ф.ғ.к. Р.А. Казина мен аға оқытушымыз Р.Н. Кемелгер жоғары деңгейде өткізді. Жиырма үшінші қыркүйекте қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының 170 жылдығына арналған «Өлең сөздің патшасы – сөз сарасы» атты жас ақындар мүшәйрасы ұйымдастырылды. Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы дегендей, мүшәйраға оқу орнымыздың жас ақындары қатысып, бақтарын сынады. Іс-шараны қазақ және орыс филологиясы кафедрасының доценті Ж.Қ. Ахметова мен аға оқытушы А.Е. Әлімбаев жоғары деңгейде ұйымдастыра білді. Апталықтың жабылуы 25-қыркүйекте өткізілді. Ән мен жырдан шашу шашқан

Е.Ж. Жұпархан,
педагогика ғылымдарының магистрі,
аға оқытушы

Бірліктің барар жері – Мәңгілік ел



Міне, азаттық таңының бақ құсы еліміздің көк аспанында шарықтап ұшуда. Шүкіршілік, нұрланып атқан Тәуелсіздік таңындағы ең басты бақытымыз – алдиярларымызды ардақтай алатынымыз, данамызды даралай алатынымыз, ұлттық қадір-қасиетті бағалай алатынымыз. Ал әр мемлекеттің өркендеуіне жол ашатын бірден-бір әсер етуші фактор, ол ұлтының татулығында, бұзылмас бірлігінде. Бұл көп айтылатын халық бірлігі дегеніміз не дегенде – ол береке бастауы, халықтың мәңгілігінің мәңгілік нышаны.

Мемлекет басшысы – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың: «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласы мен «Қазақстан білім қоғамы жолында» интерактивті дәрісі қазіргі уақытта барша қазақстандықтардың басты назарында болып отыр. Елбасы аталмыш мақалаларында тәуелсіздік жылдары мен бейбіт кезеңдегі еліміздің әлеуметтік-экономикалық қайта түрленуіне толыққанды талдау жасаған болатын. Сондай-ақ, Елбасы ХХІ ғасырдың реалийлеріне сәйкес әрекет етудің тактикалық жоспарларын нақтылай отырып көрсеткен. Әсіресе, Президенттің қазақстандық табысқа қол жеткізудің үш кілті туралы ережені шығармашылық көзқараспен қарастыра келе, оны байыпты да терең тұрғыдан мазмұндауында да үлкен теориялық және практикалық мән жатыр. Бұл, біріншіден, 135 этностың басын біріктіруші бүкіл қазақстандықтардың ынтымақтастығы. Екіншісі – толеранттылық болса, ал үшіншісі – тарихи тағдырлардың қауымдастығы.

Осыған орай, жетекші сарапшылардың пікіріне сүйенсек, қазақстандық қоғамдағы қалыптасқан ауызбірліктің негізінде бірнеше фактор жатыр.

Қазақстанның 2030 жылға дейін даму Стратегиясы нақ өмірлік болашаққа деген сенімділікті, түсінушілікті арттырған құжатқа айналып, қоғамымыздың қарқынды түрде дамуын алға жетелеудің болжамды жоспарын ұсынды. Ал Стратегияда айтылған жоспарларды сатылай жүзеге асыру ел азаматтарының әлеуетін жүзеге асыруға зор мүмкіндіктер береді.

Мемлекет құраушы халық ретінде қазақ халқы елдегі этносаралық бірлік пен келісімнің сақталуына қалай жауапты болса, басқа этностар да мемлекеттің алдында өз жауапкершілігін соншалықты сезінуі қажет деп ойлаймын.

Ұлтына қарамастан, Қазақстанда тұратын әрбір азамат Қазақстанды туған Отаным деп түсінуі қажет. Сонда ғана адамның жүрегінде қазақстандық патриотизм сезімінің, өз Отанына деген перзенттік мақтаныш сезімнің өркен ғажайып тамырлануына негіз қаланады. Яғни этносаралық интеграцияның базасы емес, адамдардың өзін-өзі азаматтық билеуі, Қазақстан халқының бір бөлшегі ретінде сезімі дамып қалыптасады. «Төртеу түгел болса, төбедегі келері» хақ. Сан ұлттың мекені болған мемлекетіміздің алар асуы алда. «Байлық – байлық емес, бірлік – байлық» дегендей, расында, Қазақстанның саяси-әлеуметтік дамуында «бірлік» категориясы ең негізгі құндылық болып табылады. Бірлігі бекем елдің болашағы нұрлы, келешегі кемел. Тарихы ғасырларға емес, тұтас дәуірлерге сіңетін, жасампаз істері мыңжылдық мадаққа лайық болып, ұрпақ сабақтастығымен буыннан буынға ұласып, ешқашан өшпейтін мәңгілік ел болу Қазақ елінің ең асыл мұраты десек, оған бізді бастайтын бірден-бір жол – Бірлік жолы.

Н. Рыспек,
ЮК-3-16 тобының студенті

ЗАМЕТКИ С КОНФЕРЕНЦИИ

Со 2 по 4 сентября студенты кафедры иностранных языков Евразийского Гуманитарного института принимали участие в XIV Международной конференции по информационным и коммуникационным технологиям в социальном обеспечении, которая проходила во Дворце Независимости.

Конференция прошла с участием научно-экспертного сообщества и стала уникальной площадкой для обсуждения лучших международных инновационных проектов в сфере обслуживания населения.

Для участия в конференции требовались студенты-волонтеры, владеющие английским, французским, испанским и немецким языками. Студенты нашего ВУЗа не смогли упустить возможность применить знания, полученные в стенах нашего института, на практике.

В качестве экспертов на мероприятие прибыли представители более 50 стран. Здесь были представлены лучшие проекты электронного правительства. В ходе встречи обсуждались вопросы использования информационных и коммуникационных технологий (ИКТ) в сфере социального обеспечения.

Динамика развития сферы ИКТ в последние годы стремительно растет. Благодаря внедрению новых технологий с каждым годом увеличивается количество электронных услуг в социальной сфере. Наша страна достигла больших успехов по уровню развития ИКТ и занимает лидирующие позиции среди стран СНГ.

Казахстан – одно из немногих государств мира, где выполняются все социальные обязательства даже в период кризиса. Мероприятие такого масштаба создает благоприятную среду для дальнейшего международного сотрудничества и обмена опытом, дает новый толчок развитию информационных и коммуникационных технологий в социальном обеспечении Казахстана.

Также в рамках конференции была организована выставка «Информационно-коммуникационные технологии в социальной сфере



Казахстана». В ходе выставки был презентован первый в Казахстане Kinect – бесконтактная сенсорная видео-стена, которая позволяет пользователю взаимодействовать с ней благодаря движениям тела.

Помимо новых знаний, полученных во время участия в конфе-

ренции, мы познакомились с профессиональными переводчиками, наблюдали работу синхронных переводчиков. Общение с ними позволило нам понять всю важность нашей будущей профессии.

К. Данилко,
студентка группы ИЯ-4-10

Студенттер поэзиясы



Тұғыры биік туған ел

Міне ғой, мырза көңіл, мәрт күндерім,
Ел тірегі Нұратаммен бір гүлдедім.
Егесіп екі құрлық арасында,
Бой көрсетіп, Қазақстаным бір өнгенім.

Еуразияның кіндігінде нұрланған
Алыпсың сен, құс қанатын талдырған.
Қазақстан - мақтаным меніңгілік
Тұғырынды көрем биік шындардан.

Жері жәннәт жанымды тербететін,
Табиғаты ем болып, шер кететін.
Сен мен үшін жалғызсың, қазақ елі,
Қазақия – ол менің мемлекетім!

Алыптардың мекенің әуелден,
Барыс болып құзар шынға беттеген.
Шабытымсың көкірегімнен төгілген,
Жарқ еттің ғой Еуропаның көгінен.

Қастерлі қағанатым қазақ елі,
Күн астына тоқтаған керуені.
Дәлелдеп, Еуропаны бас игіздің
Саммитпен бейбіт төжин бір кигіздің.

Әлемнің додасына түскен елім,
Жүрегіне Алла деп жазған едің.
Мандайыңда тағдырың бар жазылған,
Зар кешпей, зау биіктен қалма елім.

Сонда елім ұша алған ба, ұша ала ма?!
Өз жері қуат берер күш алғанға.
Елімнің жанар әлі жұлдыздары,
Таң қалдырар, әлі талай сан шапқанда.

Кенді дала, Сарыарқаның төрінде,
Болашағы өсіп келеді төсінде.
Жайқалады елордасы - Астанам,
Бар әлемнің назары тек өзінде.


От пенен күл жаратқан құдайым,
Болашақта ақ жол болсын әрдайым.
Аз жылда төбеміз көкке жетіп,
Одан әрі шарықтауға ел дайын.

Сен туралы көңілімде сансыз ой,
Қазақстан - қазағымның бағы ғой.
Болашағың біз боламыз білімді,
Отансүйгіш, кайсар әрі намысқой.

Қазақстан - атамекен, асылым,
Жүрегіме ұран болып жазылды.
Шарықтай бер, шуақ шашып әлемге
Қызың болып күдіретіне бас ұрдым.

Н. Рыспек,
ЮК-3-16 тобының студенті

Ұстаз - ұлы тұлға



Ақырын жүріп анық бас
Енбегін кетпес далаға,
Ұстаздық еткен жалықпас
Үйретуден балаға, -

деп Абай атамыз айтқандай, ұстаз ұлы ұғымға ие қасиетті тұлға. Ұстаз шәкірт атаулыға білім нәрімен сусындатып, өмірдің бар асылын түсіндіріп, бойына дарығатын асыл жан. Ұстаз шәкіртті білім нәрімен сусындатып қана қоймай, оның бойына адамгершілік, ізеттілік, табандылық пен жауапкершілікті сіңіріуіне зор ықпалын тигізеді.

«Ұстазы жақсының - ұстамы жақсы», «Ұстазды өле - өлгенше мадақта, ұстазың ғой сені қосқан қатарға» дегендей, білім беріп, тәрбиелеген ұстазың жақсы болса, сенің алға басу қадамың нық болады. Ұстаз өзінің бойына іс пен шәкіртіне деген сүйіспеншілікті біріктірген болса, ол - кемел ұстаз. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де - бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған,

сондықтан ұлағатты ұстаздар, сіздерге бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді. Құрметті ұстаздар, сіздер рухани дүниеміздің асқақтығын әрқашан туған халқының алдында паш етіп, елдің еңсесінің биік болуына, бірліктің іргесі сөнбеуіне, ырыс пен ынтымақтастың біріге түсуіне үнемі зор үлес қосып келесіздер.

«Мұғалім - зор тұлға, ол күннің күдіретті сәулесі сияқты». Шәкірттің тікелей күн сияқты жарқырап, шарықтауы, биік белестерден көрінуі тікелей ұстазға байланысты. Ұстаз талантты болса, шәкірт талапты болады.

Құрметті ұстаздар!

Мәртебелі де, қасиетті мамандықтың иегерлері, мейірімге толы жарқын жүректеріңіз бен шәкірт тәрбиелеу мен оқытудағы төзімділіктеріңіз үшін сіздерге мың алғыс. Сіздерге мықты денсаулық, жемісті еңбек тілейміз. Жана кәсіби белестерге жете беріңіздер. Отбасыларыңыз бақытты, аман болсын!

А. Мәжит, Г. Жәнібекова,
ППСК-4-2 тобының студенті

ЕАГИ - ЗА ЗДОРОВОЙ ОБРАЗ ЖИЗНИ

5 сентября 2015 года студенты и преподаватели Евразийского гуманитарного института приняли участие в акции «Фестиваль здоровья-2015», который в этом году проходил под лозунгом «Скажи: «Да» здоровому образу жизни!».



Акция «Фестиваль здоровья», существующая с 1999 года и инициированная Президентом Республики Казахстан Нурсултаном Абишевичем Назарбаевым, ежегодно проходит по всей стране и собирает сотни тысяч любителей здорового образа жизни.

Участники акции, которых, по общей оценке, в этом году оказалось около пяти тысяч человек, начали свой забег на пересечении улиц М. Жумабаева и Кажимукана. Конечной точкой забега стал парк «Жерұйық», где был разбит городок здоровья с участием медицинских организаций го-

рода, занимающихся пропагандой здорового образа жизни. Квалифицированные специалисты проводили осмотр и экспресс-анализы любым желающим. Также были организованы показательные выступления спортивных коллективов - каратэ, Тай-чи, цигун и др. Помимо спортивных состязаний был показан концерт с участием звезд казахстанской эстрады, который с удовольствием посетили наши студенты и преподаватели.

А. Бірлесов,
руководитель спортивного
отдела КДМ,
студент группы ЮР -3-16

«БІЛГЕНІҢІЗ МАҢЫЗДЫ» АТТЫ АКЦИЯ

2015 жылдың 18 қыркүйек күні Еуразия гуманитарлық институты Дін мәселелерін зерттеу орталығымен бірлесе «Білгеніңіз маңызды» атты акция өткізді. Бұл шара діни сауаттылығын арттыруға, болашақта теріс ағымдардың жетегінде кетпеудің жолдарын көрсетуге және түрлі ағымдардың қысымына ұшырау қаупінен сақтауға бағытталған. Шеңбер бойына жиналған жастар бір мезетте қолдарындағы брошюраларды жоғары көтеріп, «Бірлігіміз жарасқан, тәуелсіз ел - Қазақстан» ұранын дауыстап айтты.

Ж. Мұқаметжанова,
ЮРС-3-5 тобының студенті



СЕНІҢ ЖҰЛДЫЗДЫ СӘТІҢ!!!

2015 жылдың 15-16 қыркүйегінде Еуразия гуманитарлық институтының конференц залында Жастар ісі жөніндегі комитеттің ұйымдастыруымен бірінші курс студенттеріне арнап дәстүрлі кастинг өткізді.

Студент жастарды студенттік өмірге баулу мақсатында өткізілген кастингке ақын, музыкалық аспапта ойнау, көркемсөз шеберлері, КВН, жүргізуші, әнші, биші, актерлік өнер көрсеткен 210-ға жуық талантты қыз-жігіттер қатысты.

Жастар ісі жөніндегі комитет мүшелері мен кафедра ЖІК төрайымдары, әр түрлі үйірме

секциялар жетекшілері кастингте өз топтарына жаңа таланттыларды қабылдады.

Жастар ісі жөніндегі комитет құрылымы жастар арасында салауатты өмір салтын ұстануға, тәлім-тәрбиелік бағыт, көшбасшылық пен патриоттыққа тәрбиелейді.

Н. Тырнахан,
жастар ісі жөніндегі комитет
төрайымы

Газета Евразийского
гуманитарного института
«Жас ұрпақ»



Регистрационное свидетельство
№ 992-Г от 19.12.1999 г.
Выдано Министерством культуры,
информации и общественного
согласия РК.

Газет тоқсан сайын шығады.
Выходит ежеквартально.

Редактор: Я. Оспанова
Учредитель: ректорат ЕАГИ
Верстка: А. Заркешева
Тираж: 500 экз.

Адрес: г. Астана, пр. Жумабаева, 4.
E-mail: eagi@list.ru

www.egi.kz